

Күш – білімде, білім – кітапта

Кітапты жанына серік еткен Айлана Ғалымбек өз замандастарына үлгі болуда



Біз өмір сүріп отырған заманда ақпаратты күн сәулесімен пара-пар жылдамдықпен жеткізетін құралдар өте көп. Соңғы жаңалықтар туралы көлікте отырғанда радиодан, шәй ішіп отырып көгілдір экраннан, қоғамдық орында газеттен, журналдан немесе қолымыздан түспейтін ұялы телефон арқылы құлақдар боламыз. Бірақ осылар бір арнаға тоғысса да, кітапты ешуақытта алмастыра алмайды.

Қазіргі уақытта қолға кітап ұстаған адамды көру кемекем. Ешкімді кінәламаймыз, себебі, адам заман ағымымен өзгеруде. Бүгінгі күнде кітапты жанына серік еткен жандар көпке үлгі. Оған бүгінгі біздің кейіпкеріміз дәлел.

Айлана Ғалымбек кішкентайынан кітапқа құмар. Айлана Ғаббас Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясының 4 сынып оқушысы. Мектеп табалдырығын алғаш атаған күннен бастап, өзінің зеректігімен ұстаздарының көзіне түскен кішкентай қыз бүгінгі күнде мектеп мақтанышы.

Кейіпкеріміз көп балаалы отбасынан шығып, атасы мен әжесінен, ата-анасынан жақсы тәрбие алуда. Анасы Ғалия

Башпанаева Ғаббас Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясының ұстазы. Қызына үлкен қолдау білдіріп, демеу беріп отырған аяулы ана.

- Қызым бала кезден кітапқа құмар болып өсті. Әкесінің қолынан ұстап, кітапханаға қарай жетелейтін. Ең алғаш әріп танып жүргенде ертегі кейіпкерлері мен түрлі ғажайыпқа толы кітаптарды қатты

қызығып оқитын, қазіргі таңда өзін дамыту мақсатында орыс тілді кітаптарды жиі оқып жүр. Айлананың артынан ерген сіңілісі бар. Қазір бос уақыттарында сіңілісін жетелеп, кітапханаға қарай жол сілтейді. Көбінесе бос уақыттарын сонда өткізеді. Сіңілісі Жания апасынан үлгі-өнеге алып, Айланамен бірге жарыса отырып, кітап оқиды.

Кішкентайым Жаниямның апасына қарап, бой түзеуі маған үлкен мақтаныш, - дейді кейіпкеріміздің анасы Ғалия апай.

Айлана бүгінгі күнде «Бастауыш сыныбының үздігі» атты төсбелгі марапатының иесі. 2021 жылы Алматы қаласында өткен Халықаралық ғылыми жобалар сайысында облыс намысын қорғап, 3-ші

орынды қанжығасына байлаған озат оқушы.

- Қызымның бүгінгі күнде жетіп отырған жетістіктері үйдегі тәлім-тәрбиеге де байланысты шығар. Балаарым мен қыздарым ата-әжесінің тәрбиесі мен ақыл-өсиеттері тыңдап өсуде. Кішкентайларымның жетістікке жетулеріне ол кісілердің қосқан үлесі өте көп. Айлананың бойындағы дарындылығын алғаш болып байқаған, қызымның қолына әліппе ұстатқан ұлағатты ұстазымыз Сауле Махмұтова апайымызға алғысымыз шексіз. Баланың бойына білім, мәдениет, адамгершілік қасиетті қалыптастырып, шәкірт жүрегіне жол таба білген ұстаздың шәкірті болу, қызым үшін үлкен мақтаныш. Айлана мен Сауле апайымыздың арасындағы қарым-қатынас ешнәрсемен салыстыруға келмес, сөзбен айтып жеткізуге болмас нәрсе. Демалыстарда бір-бірін сағынып, күнде телефон арқылы байланысып тұрады. Қызым бір сайысқа қатысқалы жатса, ұстазымыз тақымын қысып, Айлананың тілеуін тілейді. Сауле апайдай ұстазға жолыққанымызға алғысымыз шексіз, - дейді

Ғалия апай

- Айлана біздің тұрақты оқырманымыз. Кішкентай кезінде ата-анасымен бірге келіп, ертегі мен аңыз әңгімелерді оқитын, қазіргі таңда қасына сіңілісін жетелеп, Жанияға кітапхананы таныстырып, өзі оқып бітірген ертегілерді оқытып жатады. Кішкентай қыздың артынан ерген сіңілісіне үлгі болуы көзге жас ұялатады. Дұрыс тәлім-тәрбие берген, балаарын тура жолға сілтей білген ата-анасына ризамыз. Бала өміріне ата-ананың ойнайтын рөлі ерекше ғой. Кішкентай Айлана тек өз сіңілісіне ғана емес, көптеген жастар мен өскелең ұрпаққа үлгі, - дейді аудандық балаалар кітапханасының кіші бөлімінің кітапханашысы Бөпежан Жусупова.

«Болар бала жасынан» демекші бүгінгі біздің кішкентай кейіпкеріміздің дарындылығын ерте жастан байқап, демеу көрсетіп отырған ата-анасы мен ұстаздарына үлкен алғысымызды білдіреміз. Деніне саулық, жарқын болашақ тілейміз.

Ақжан
БАЙТҮРСЫНОВА